ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

Студенттер мен жас ғалымдардың дәстүрлі
«Фараби әлемі» халықаралық конференциясы күндері
II Қожакеев оқулары аясында өтетін
«Жас тілшілер» атты ғылыми форумның

# МАТЕРИАЛДАРЫ

10 сәуір 2014 жыл

# МАТЕРИАЛЫ

научного форума «Юные корреспонденты» в рамках
II Кожакеевских чтений в дни проведения международной
конференции студентов и молодых ученых «Мир-Фараби»

10 апреля 2014 года

Алматы
«Қазақ университеті»
2014

## МАЗМҰНЫ

**Әбдиманұлы Ө.**
ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ҒИБРАТТЫ ҒАЛЫМ ............ 3
**Уайдин Ү.**
ҮШІНШІ РАУНД ............ 8
**Қабышұлы Ғ.**
ТЕМКЕҢНІҢ ОРНЫ ТОЛАР МА?! ............ 10
**Жаппасұлы Е.**
ТЕКТІЛІК ТАҒЫЛЫМЫ ............ 12
**Шерім М.**
САТИРА ТУРАЛЫ ............ 15
**Рәш М.**
САТИРА САРДАРЫ ............ 16
**Әбілдина Ғ.**
ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕАРНАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ
БАҒДАРЛАМАЛАР БІРЛІГІ ............ 18
**Сұлтанбаева Г.**
«ЖАС ТІЛШІЛЕР СЕРІГІНЕ» ЖОЛ САЛҒАН ............ 23
**Қабылғазина К.**
ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА ............ 25
**Мұхатаева Қ.**
ҚАЗІРГІ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІ ............ 26
**Қасым О.**
САТИРА САПЫНДА ............ 29
**Рамазанова Ж.**
ФОТООНЕР – ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ҰШҚЫР САЛАСЫ ............ 31
**Алимжанова А.**
АЛПЫСБАЙ БОРАНБАЙҰЛЫ – САТИРА САҢЫЛАҒЫ ............ 33
**Зәкіржанқызы С.**
САТИРА ЖОҚ ДЕП КІМ АЙТТЫ? ............ 35
**Төреханова Б.**
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫБЫН БҰЗБАЙ ЖАЗАЙЫҚ ............ 37
**Әбдраев М.**
РЕЖИССУРА ЖӘНЕ КӘСІБИ САБАҚТАСТЫҚ ............ 39
**Әбдиева Р.**
ЖОО-ДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ ............ 41
**Сайдахмет А.**
ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ............ 44
**Лескенқызы К.**
БАСПА ТАРИХЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ? ............ 48
**Исаева Г.**
ЕР ЕСІМІ, ЕЛ – ЕСІНДЕ ............ 50
**Берекет Д.**
«ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» ҚАЛАЙ СӨЙЛЕДІ... ............ 53
**Аймағамбетов А.**
ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИДЕЯ МӘСЕЛЕСІ: ЫДЫРАУ МА, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПА? ............ 56
**Әлім Ә.**
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ............ 57
**Әсембаева Б.**
ҚАЗАҚ КІТАП БАСПАЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ............ 58
**Ержашева А.**
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ
АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ ............ 62
**Кенжеқанова Қ.**
БАҚ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ............ 64
**Ақынбекова А. , Мамырова К.**
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ «ШАЛҚАР» РАДИОСЫНЫҢ РӨЛІ ............ 67
**Балаубаева Б.**
ТЕЛЕАРНАЛАРДАҒЫ САТИРАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАР ЖӨНІНДЕ ............ 68
**Жаңабекова М.**
ЖАҢАЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫНДАҒЫ ӨТКЕН ШАҚТЫҢ КӨРІНІСІ ............ 69
**Тұрғанжан М.**
ХАЛЫҚТЫҚ САТИРАНЫҢ ЗАМАНАУИ КӨРІНІСІ ............ 72
**Ілияс М.**
АСПАНХАН ӘУБӘКІРОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ САТИРА МЕН ЮМОРДЫҢ АЙШЫҚТЫ КӨРІНІСТЕРІ ............ 76
**Серік Г.**
АТА ДІННІҢ ДІНГЕГІ ШАЙҚАЛСА ҚАЙТЕР ЕДІ? ............ 80

**Қабылғазина К.,**
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
журналистика факультеті,
ф.ғ.к., доцент

## ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА

Темірбек Қожакеев есімі әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің тарихымен тікелей байланысты. Ол– қазақ сатирасының теориясын зерттеуші ғалым, филолология ғылымдарының докторы, профессор .Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері", « Қазакстанның еңбек сіңірген қызметкері» атақтарының иегері, «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығын да алған.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі 1947 – 1948 жылдары Жамбыл облысы Меркі ауданы комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі болып жұмыс атқарып, кейіннен 1953 жылы С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университеттің филология факультетіне оқуға түсіп, 1953 жылы бітіріп шығады.Сол жылдан бастап университет қабырғасында қызметте қалған Т.Қожакеев 1972 жылдары ҚазМУ-дың журналистика факультетінде оқытушы, аға оқытушы және доценттік қызметте,1973 жылдан 1986 жылдары факультет деканы,кейінгі 002 жылдары кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. Қожакеев қазақ сатирасының тарихы мен ерекшеліктерін зерттеп, негіздеуші ғалым. Ол – қазақ әдебиеті мен баспасөзінің тарихы, теориясы жөнінде 200-ден астам мақала мен көркем-публицистикалық очерк, фельетондардың авторы. Қожакеев өмірінің соңына дейін Қазақстан Жазушылар Одағы жанындағы қазақ сықақшылары қауымдастығының президенті болған.

1986 жылдың оқиғасына байланысты басына күн туған ,кудаланған кездерінің өзінде мойымайтын, өміршең адам екендігін де дәлелдей білген.Қазақтың қазаққа ғана керек екендігін білдірген сол бір алмағайып заманда неше түрлі оймауыт басына қара бұлт үйірді. Жан жақтан талаған, орталық комитеттің нұсқаушысынан бастап осы оқу орнының студентіне дейін жерден алып жерге салса да ел бетіне тура қарай алды.

Қазақстандық журналистика әлемінде Темірбек Кожакеевті білмейтін жан кемде-кем. Ол кісінің өте принципшілдігі, талап қойғыштығы, қатал тәртіп иесі болғандығы сол жанмен қызметтес, қатарлас, замандас және шәкірт болғандардың есінде. Т.Қожакеұлы – Әл-Фараби атындағы Ұлттық Университетімен біте қайнасып, бірге жасасқан жан болатын. Білім алды, еңбек етті, ғылым жолына үлесін қосты.

Осы университеттің журналистика факультетіне декан болып келгенінде біздер бірінші курста оқушы едік. Менің курстастарымның азамат болып қалыптасуларына ұстаз көп ықпал етті.

Ол кісінің басшылық еткен кездерінде сабақтан қалып жүрген студент, жұмыстан кешігіп келе жатқан қызметкер көрінбейтін дәрежеге дейін тәртіп жолға қойылды. Сол тұстағы дәстүрлердің бірі – 7 қараша, 1-мамыр сияқты мерекелік күндері алаңдағы үкімет үйінің алдынан шеру өтетін. Шеруде ең үлгілі, ең озық деген факультет ту ұстап шығатын. Сол ту ұстау дәстүрінен журналистика факультеті Темаға декан болған жылдары айырылған жоқ.

Бірде Темірбек аға әдеттегідей қара папкасын қолтығына қысып келе жатыр екен, дәлізде жүрген көрші заң факультетінің студенттері: «Қожакеев келе жатыр!» деп қашып бара жатты. Өйткені, «әй, қулар, сабақ қайда?» деп міндетті түрде сұрауы мүмкін. Оның үстіне темірдей тәртіппен аты шыққан журфактың деканы болғандықтан да мысы басатын.

Ұлағатты ұстаз өзі қандай еңбеккер, қажымайтын, талмайтын адам болса ұжымынан да соны талап ететін еді. Бірақ жұмысына адал, қызметіне ұқыпты жандарды жақсы көретін, сыйлайтын. Ал, көңілін қалдырғандар ол кісінің «қара тізіміне» ілінді дей бер.

Бірде жаздың күні еді... Бүкіл мұғалімдер, студенттер де демалысқа тарап кеткен. Мен баспасөз кабинетінің меңгерушісі едім. Істейтін еш нәрсе болмаған соң, далаға қарасам, ағайдың көк «Волгасы» жоқ екен. Пендешілік жасап, мен де үйге кетіп қалдым. Есікті ашқаным сол еді, телефон безілдеп қоя берді.

– Әлеу, Клара?
– Иә, аға! Сәлеметсіз бе? (Марқұм қайнағам, Аубай аға екен деп қалдым.)
– Сәлемет... Жұмыс қайда?
– Ой ,аға, жұмысты тауысып келдім...
– Сағат әлі 4-те болған жоқ, қалай тауысып келдің? Өй, сен де..., – деген кезде декан екенін білдім. Факультетке телефон шалсам, ол кісі сол күйі келмепті. Қыздары жұмыста бар ма, жоқ па деп сырттан түгендеп отырған беті екен.